



МУХРАПАЖ- ҚАЗАЛЫ



№53
(2118)
Сенбі
3 маусым
2023 жыл



Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік рәміздер – біздің сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертер тағылымды тарихымыздың шынайы көрінісі. Оның мазмұнды нышандары кешегі өткенімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Рәміздердегі нышандар арқылы ұлтымыздың әлем алдындағы бейнесі жарқырай түспек. Сондықтан да, бұл күн барша қазақстандықтар үшін патриоттық пен намыстың мерекесі!

Біздің Рәміздерге деген құрмет – азаматтардың өз елінің азаматы екендіктерін қаншалықты деңгейде түйсінуінің, ел болашағына деген сенім мен сүйіспеншілік сезімдерінің өлшемі. Себебі, Ту, Елтаңба және Гимн өз мемлекеттілігін ғасырлар бойы аңсаған азат ұлттың орындалған арманының белгісі. Түптеп келгенде Отанның өзі нақ осы Тудан, Елтаңба және Гимннен бастау алады. Оларды жүрегіне басып, маңдайына тигізіп қадірлеу арқылы егемен елдің еңсесі биік азаматтары қалыптасады. Демек, әрбір азаматтың жүрегіне елжандылықты дарытуда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор, орны айрықша.

Қадірлі ағайын!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болу үшін біз өз елімізді, туған жеріміз бен Отанымызды ардақ тұтуымыз қажет. Оның ең алғашқы қадамы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталады.

Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін!

Әрдайым еліміз тыныш, халқымыз аман, рәміздіріміздің мәртебесі биік болсын!

**Құрметпен,
Қазалы ауданының әкімі
Мұхтар Оразбаев**

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ



Әйтеке би кентіндегі Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияда «Соңғы қоңырау» салтанаты өтті. Шараға аудан әкімінің міндетін

атқарушы Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы мен аудандық мәслихаттың депутаты Рахметов Әбдуәли қатысып, мектеп бітіруші түлектерге сәттілік

тілеп, алдағы болатын ҰБТ-де жақсы нәтиже көрсетулеріне тілектерін білдірді.

Салтанаттышаратүлектердің концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Айта кетейік, биыл №226 мектеп-гимназиясын 29 түлек бітіреді. Оның жетеуі «Үздік аттестат» иегерлері, ал бесеуі «Алтын белгі» үміткерлері.

Шара барысында мектеп директоры Өмірзақов Ерік сөз сөйлеп, түлектерге сәттілік тіледі.

«Соңғы қоңырауға» арналған салтанатты шаралар ауданның барлық мектептерінде атап өтілді.

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

БАЛАЛАР КҮНІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Қазалыда Халықаралық балаларды қорғау күні ерекше аталып өтті.

Аудандық оқушылар үйінің алаңында ұйымдастырылған «Қазақстан - бақытты балалық мекені» атты шарада балабақша балғындары ертегілер әлемінен қойылымдар сахналап, көрермендер жүрегінен орын алды.

Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш бастаған құрметті қонақтар балалардың шығармашылығына оң бағасын беріп, болашақта елдің үмітін ақтайтын азамат болып өсулеріне тілектестігін жеткізді.

Мұнан соң Дәурен Оңғарбайұлы безендірілген сахна төріне көтеріліп, аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың құттықтауын жеткізді.

Сонымен қатар, үштік одақ жұмысы бойынша белсенділік танытып, облыстық байқауда бақ сынаған отбасыларды «Өнерлі отбасы», «Үлгілі отбасы» және «Спортшы жанұя» номинацияларымен марапаттады.

Кезек жобалар көрмесіне жетіп, воркаут алаңы, иппотерапия, ерекше балаларға арналған сауықтыру бассейні сынды тұшымды ой, ауқымды идеялар ұсынылды. Сондай-ақ, жиында үздік деп танылған бүлдіршіндердің сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Көңілді кеш одан әрі кішкентай өнерпаздардың әсем биі мен күмбірлете тартқан күйіне ұласты. **«Тұран-ақпарат»**

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ШАРА

Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарих. Тағдыр. Тағылым» атты тарихи-танымдық конференция өтті.

Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде өткен шараны аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов ашып, егемен еліміздің тағдырындағы ең бір қасіретті кезеңді еске алатын ерекше күн жайында әңгімеледі.

– Бұл күн – егемен еліміздің тағдырындағы ең бір қасіретті кезеңді еске алатын ерекше күн. XX ғасырда отаршыл жүйенің озбырлығын көрген халқымыз екі бірдей алапат ашаршылықты басынан кешті. Саяси құғын-сүргіннің азабын тартып, 30-ыншы жылдары орасан зор нәубетке ұшырады. Қатыгез жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де аяған жоқ. Қазақ халқы бірер жылдың ішінде тең жартысынан айрылды. Көпшілігі аяулы атамекенін тастап, шекара асып, шетелге бас сауғалады.

Сол зұлмат біздің аймағымызды да айналып өткен жоқ. Қазалылықтар арасында кезінде білім бөлімін басқарған Нұржан Баубеков, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы болған Қазмұхамед Күлетов сияқты 400-ге жуық жерлестеріміз құғын-сүргін құрбаны болды. Кейін олардың барлығыда ақталды, – деді Дәурен Оңғарбайұлы.

Шараға қатысушы көпшілік елдің болашағы, келер ұрпақтың бақыты үшін күрескен асыл азаматтар мен есіл ерлеріміздің рухына тәу етіп, 1 минут үнсіздікпен еске алды.

Жиында Қазалы ауданының мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Жолтаев «Зобалаң зардаптары», №204 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Алмас Қаналиев «Соңғы көш», №165 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Майра Өмірзақова «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» атты тақырыпта баяндамалар жасады.

Сондай-ақ, саяси құғын-сүргін құрбандарының артында қалған ұрпағы Мафруза Текеева мен саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі аудандық жұмысшы топ мүшелері, ардагер-ұстаздар: Бақытжан Түменбай мен Қадірбек Бекетов ел басынан өткен ең бір қасіретті жылдар жайында сөз қозғады.

Жиын соңында Дәурен Оңғарбайұлы тарихи өтпелі кезеңде ел-халықтың азаттығы жолында жазықсыз жапа шеккен, ашаршылық пен саяси құғын-сүргіннің құрбаны болған ата-бабаларымызды жадымыздан шығармау перзенттік парызымыз, азаматтық борышымыз екенін айтып, тағылымды шараны қортындылады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

СОЗАҚ ЖОРЫҒЫ НЕМЕСЕ ӘКЕМНІҢ ӘНГІМЕСІ

Мұратбай әкемізден, өз әкемнен, үлкендерден және Тоғамыс ағамыздан естіген әңгіме. Талас әкеміз Созақ шайқасына он төрт жасында қатысып, сол соғыста жарақат алған.

- Бірде жорыққа дайындық астыртын жүре бастады. Ауылдан аулақтау барып қылыш, найза, садақпен соғысқа дайындық басталды. Жан-жақтан сарбаздар келді. Дайындық кезінде икемсіздерін бөлек шығарып, ептілерін іріктей бастады. Іріктелгендерге бес қаруын түгендеп, сауытпен қамтамасыз етті. Ауылда егін-жиын, малдың қыстық жайы, жан-жақтың барымтасына қарайтын болындар, - деп ауыл азаматтарының бір тобын жұбату айтып қалдырып кетті. Сол іріктеуде садақшылар қатарында менде болдым. Жан-жақтан келгендердің де біразы үйлеріне қайтарылды. Жеті жүздей қол жолға аттандық. Жолда неше күн түнеп қамалға жеттік. Жауынгерлер қамалды қоршап ұрысқа кірісті. Біз оған қатыспадық. Өйткені үш жүз кезек алыпты, үш күн Ұлы жүз, үш күн Орта жүз, соңғы кезек бізге тиіпті. Жауынгерлер ойласып қамалды қайта -қайта айналып келуде. Ақшам уақытында кері шатырға оралдық. Ауқаттанып жатып қалғанмын, түн ортасында жиналуға хабар берді. Тез жолға шықтық. Таң бозара ақшам намазын оқып, ауқат ішкеннен кейін, қайта атқа қондық. Кішкене қалашыққа шабуыл жасап, басып алдық. Ұйқыларынан тұрып та үлгермей қалды. Ауылдан сарттарды қуып, дүниелерін тәркіледік. Екі күнде бірнеше қалашықты сарттардан тазартып, үшінші күні таңда шолғыншыда жүрген барлаушылардың бірінен хабар жетті. Қоқан жақтан қалың қол шығып Созаққа қарай бет алған. Жетекке алған түйелерді үстіне тиелген жүктерімен тура жолға салып, оншақты сарбазбен қоя бердік.

Қалың қолға қарай туралап жолға шықтық. Жолда бір ауылды шауып, күндіз болғасын ба әлде алыстан байқады ма шайқасқа шығып үлгерді. Үстінен түскен қалың қол барлығын баудай түсірді. Еркек біткені қалмағандай, ылғи қатындар. Қазақтар айран су-сындарын алып алдымыздан шығып жатыр. Көп кідірмей жолға шықтық. «Өлігін жерлесін, сосын еліне кетсін. Ертең келгенде көрсем менен жақсылық күтпесін. Табанынан таспа тіліп айдаймын», - деп басшыларымыз үрейлендіріп қорқытты.

Күн батуға айналғанда, барлаушы келді. Кездесуге бағдарлаған жерге ертен кешке жететін шығар, жаяу сарбаздары көп, - деді.

Суыт жүрісті бәсеңдетіп, жайшылыққа көштік. Бұрыстау

жүріп саялы суаттың басына бардық. Сол жерге түнеп ертесіне жолға шықтық. Түс қайта екі таудың ортасына келіп тоқтадық. Барлаушы жауларымыздың төрт- бес шақырым жердегі құдықтың басына тоқтағанын жеткізді. Тез жиналып жолға шықтық. Барлаушының жол сілтеуімен екі жүздей садақшы тауды айналып ту сыртындағы жотаның артына барып аттан түсіп жаяу жоғарыға көтерілдік. Төбеге шықанда өзбектер айқын көрінді. Қараңғы түскен соң от жағып, топ-топ болып әкесінің үйінде отырғандай жайғасып алған. Басшымыз жігіттерді екі қанатқа бөлді. Бұта -бұтаны тасалап төмен түстік. Атуға дайындалып бұйрық күтудеміз. Бұйрық берілген соң ата бастағанда оқтың қайдан келгенін білмей, қайда қашарын білмей сасқанынан бұтаны паналамақ болып бүгежектеп оққа қарсы келіп баудай түсуде. Аржағынан атойлаған аттылардың даусы үрейлерін қашыруда. Жаңбырша жауған оқтан қатарлары сиреп, аттыларға қарап жүгіргені жолда оққа ұшуда. Аттылары шайқасқа түсті. Оларды әпсәтте қырып салдық. Үрейі ұшып, қаруларын тастап, сәждеге жығылғандай бетін жерге басып жатып алды. Шетінен қолдарын байлап көгендеп тастадық. Ертесіне таң атқасын шетінен сауыттарын шешіп жанған отқа қаруларымен қоса тастаттық. Қайта келмеске, қайта қару ұстап сауыт кимеске анттарын алдық. Үшеуін сол жерде өлтірдік. Босанып тірі қалғандары қуанып, рахметтерін жаудырып, елдеріне қарай зымырап қаша жөнелді. Төремұрат жырау, «бұларда ант жоқ, былай шығып, қазақтарды қатырдық», - деп баратқан шығар, деп ойын айтты.

Сонымен Созаққа қайттық. Жақындағанда түйе айдаған керуенге кездесіп бірге бұрынғы шатыр тіккен жерге қас қарайғанда жетіп шатыр тігіп дем алдық. Таң намазына тұрып қайта жатып едім, ұйықтап кетіппін. Сол жатқаннан тал түсте ауқатқа оятқанын бірақ білдім. Мені бала, деп оятпады ма әлде ешкімнің шаруасы болмады ма қайдам. Бәрі қарбалас жұмыспен айналысуда. Жатып қалғанымда қысылып әкеме, «неге оятпадың», дедім. Абырдабыр жұрттың бәрі тіршілікте. Асқа шақырып жағалап келе жатқан Аман көкем «әкең» оятты ма, мен тынықсын, бұрын бұндай сүргін көріп ба, өзім сәлден кейін оятам, - деп едім ғой деді.

Тамақтанып, бесін намазынан кейін қайта жұмыс басталды. Түйеге теңдеген тақтайлардан қалқан жасауда.

Кешке қарай күн желдетіп,


бұлттай бастады, арты жаңбырға ұласты. Жарық кезінде кімнің қай қалқанда тұратынын, кім басқаратынын, қай жерге қоятынын, мұқият ескертті. Түнде жатпай тұрып қалқанды қорғанға жақын апарып қойдық. Түн қара түнек, жаңбыр жауып тұр. Қайта шатырға келіп жатып қалдық. Түн жамылып қорғаннан шығушы болама деп, күзетті күшейтті. Бүгінгі кезек бізден болған. Жігіттерге қорғанға жақындап қайта айналып жүріп тұрындар деп тапсырған. Қорғандағылардың әбден мазасын алып ұйқысын қашырумен болдық. Қарауыл ауысарда айнала шауып барындар деп тапсырылған. Қорғанға саты қойып шығып кете ма деп жан- жағын оттың жарығымен қарауда. Аттардың тұяғының даусы естілгеннен жандары қыдырып дүрбілең басталды. Кейбіреулері садақтың оғына ілігіп ажал құшуда. Түнімен ұйқы көрсетпей әбден мазасын алдық. Намаздан кейін, таң бозара жорыққа шықтық. Қалқандар елу, алпыс қадамдай жерде екен. Әркім өз қалқанының тұсына барып, екі қалқанға бір басшы болды. Қалқанға қарай тез жүгіріңдер, білте мылтықтың оғы жетуі мүмкін, деп тапсырды. Төремұрат жыраудың даусы шыққанда жаппай шабуыл бастау тапсырылған. Жаңбыр жауып жаудың мазалары қашуда. Білтеге су тигесін қаруы тұтанбай әбігерге түсуде. Қалқанды көтеріп қорғанға жиырма бес адымдай жақындадық. Келе жатқанда мылтық үні шығып, оқ тақтайға жаңбырша жауа бастады. Бекініс жасап жауды нысанаға алдық. Жайнап тұрғандары жайрай бастағасын зымзия болды. Арттағы төрт аяқты биіктеу қалқан жылжып алға қарай кетті. Тура қорғаның үлкен қақпасына бара жатты. Жақындаған сайын оқты дарытпай қалқаның қуысына кіріп кетті. Оларға оқ атпақшы болғандардың талайының жаны жаһаннамға кетті. Қақпа үш қадым ішкері салынған. Қақпаға әрекет жасамақ болғандардың үстіне қайнаған су құйып, шоқ тастайтын тесіктер жасаған. Сол жерлерден су құюда, тақтайдан өтпей сыртқа ағуда. Шоқ тастағанын білсе артқа қарай қалқанды сілкіп түсіріп тастап тақтайға дарытпай жатыр. Кеше өзбектердің өздерінен алған өткір ұста балтасымен қақпаның ағашын қашауда. Біршама уақытта, екі-үш пұттық зіл темірді шынжырға бекітіп ұрғылай бастады. Кері қарай жігіттер сүйреп шығады. Қызылбас палуан бастап шірене тартып ұрғанда қақпа солқылдап тақтайлар босай бастады. Қызылбас, Бажақ және әкем үшеуі соғуда. Палуанның соққаны айқын білінеді да-

уынан. Қожа әкем тұлғалы, ірі, қаруы да бар. Бажақ орта бойлы, кең иықты, өте қарулы болатын. Жасынан батыр атанған. Ат үстінен аударыспақ ойнаған қатарлары ала алмайтын. Бажақтың омыртқа жағы қысқада аяқтары салалы ұзын болған. Салалы ұзын аяқтары атты орап жабысып қалғандай. Ат үстінде еркін отырып қарсыласын бірде тартып, бірде итеріп жібергенде бойын ұстай алмай атынан шалқалап құлайтын. Кейде атта бойын жинап үлгермей ат-патымен құлайтын.

Түс болмай қақпаның соққылап жатқан жағы қақырап ашыла бастады. Біз қақпаға тура орналастық, арт жағымызда қорғаннан жүз қадамдай шамасында Батыр әкем тұрған бақылап. Палуан қақпаның тақтайын бұзғанда Батыр әкем атпен ішке қойып кетті. Сол кезде қорған іші ызышу-қымқуыт болды. Қақпа айқара ашылды. Қалың қол лап қойды. Бізге жоғарыны бақылау қатаң тапсырылған, іштен қашып шықандарды аңду. Біздің сарбаздар бас қақпадан кіріп жатқанда, артқы қақпадан қашпақшы болғандарды, Ұлы жүз бен Орта жүздің жігіттері жайратып салды. Іште қырғын шайқас болып жатқанда біздің сарбаздар кіріп болды десе керек, қақпадан қашқан аттылар шыға бастады. Атып үлгермейтіндей едік және бізге қауіп төнген еді, жақын тұрған орта жүздің жігіттері лап қойды. Сол шайқасумен ішке көмекке кірді. Үш жүздің әскері қорғанға ойран салды. Көмек қолы келгенге бізде қуанып жатырмыз. Ішкі қорған берілгесін бізде ішке кірдік. Сарбаздар дарды алаңға жинауда. Бір қара көлеңкелеу жерде жатқан киіз бүлік еткендей болғанға, барып ашып қарасам кішкене қыз бала екен. Қарап үлгергенше қолын сермеп қалғанда көзім шым ете қалды. Қолын ұстап, көзімді ұстасам қан жуып кетіпті. Қасымдағылар қыздың қолындағы кішкене кездікпен ұшықтап жатыр. Он бір, он екілер шамасындағы қыз екен, қорыққаннан қалтырып тұр. Қасымдағылар көз ердің құны, деп желкелеп алып кетті. Созаққа бір көзді беріп қайттым.

Жеңісті тойлап той жасалды. Палуандар сайысынан Қызылбас палуанға ешкім шақ келмеді. Сайыстың түр-түрі өтіп, біздің жігіттер ұтысты болды.

Намысына тырысқан хан Кене жырауларын айтыстырмақ болды. Батыр әкем, «айтыс та бір, екі қатынның ұрысы да бір, қай-қайдағы жоқты айтып жікті ашқаннан басқа одан келер пайда жоқ», - деп айтыстан бас тартқан.



СОЗАҚ ЖОРЫҒЫ НЕМЕСЕ ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Ұлы жүз бен Орта жүз айтысы ханның жырауы жеңіске жеткесін, хан біз жақтан жырау сұратып жатқасын, Шектіден Төремұрат жырауды дайындады. Алдындағы айтыста айтып кеткендерін ескере келе, Батыр әкем, «-біздің жарамазаншыға бие берген, мен хан жарамазаншысына түйе бергем», деп ескерте келе, «жасқанбай, тартынбай айтыс, жасқанып ойыңды толық айталмай қалсаң басыңды өзім алам», - деп қатаң тапсырды. Айтыс ұзаққа созылды. Төремұрат айтқанда қолпаштау көбейіп, көтермелеуде. «Пах шіркін, мә саған», деп көтермелеуде.

Хан жырауы әр жерден бір шалып жеңе алмасын білгесін, -Жанқожа батыр дейсің, білгір дейсің. Күнасыз ақ Батиманы қаралап, бұрымын кесіп күналап, танауын тіліп құл етіп, ақ түйеге теріс мінгізіп дегенде Батыр орнынан тұрғанда жырау сап тиылды.

Батыр әкем ханға қарай шүйлігіп барды да «атаңа нәлет тоқалдан туған тоңай бас, май құйсада оңалмас. Тоқалдан туған хан болмас. Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі, басыңды өзім алайын», -деп төніп барғанда, хан басы салбырап, жүзіне қарай алмай, төмен қарап отыра берді. Сол кез-

де көпшілік арасынан біреу «Атасын сөктің, баласы көнді, ұсынған басты қылыш алмас, батыреке бір ашуыңды бер», дегенде кері бұрылып жүре берді. Отырған бізде ере жөнелдік. Жиналып қайту басталды. Той сонымен тәмәм болды.

Хан шақырту жібертіп Батыр әкеммен жолығыпты, недегенін бімейміз.

Батыр айтарын айтып кеткесін Наурызбай ағасына, «неге бір ауыз сөз айтпадың, төмен қарап сүмірейдіңде қалдың дегенде Кенесары хан Наурызбайға қарап, «мен туған әкеден сенде тудың, мен туған анадан сенде

тудың, атаңды –анаңды сөгіп жатқанда сен неғып тыңдап отырдың, айтшы көне, бес қаруың бойыңда» дегенде Наурызбай жуасып «Орнымнан тұрайын деп үш ұмтылып тұра алмадым, есіктен екі жолбарыс енді. Тура маған қарай қаһарын төгіп келеді. Жанқожаның көзіне көзім түскенде, сұсы жолбарыстанда қатты екен, қайта жүзіне қарауға дәтім бармады. Қозғалуға екі жолбарыс екі иықтан төніп тұр. Ол негізі тегін адам болмады,- депті.

Әкем осылай деп әңгімесін аяқтаған еді.

**Шарападин ТАЛАС,
Әйтеке би кенті**

ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ТУРАЛЫ

Қазақстанның Әлеуметтік кодексін жалпы ТМД мемлекеттері тәжірибесіне енгізілетін алғашқы біртұтас әлеуметтік құжат деп айтуға болады.

Жаңа кодекстің негізгі мақсаты – бұл халықтың түсінуін жеңілдету үшін осы саладағы қолданыстағы заңнаманың барлық нормаларын бір құжатта шоғырландыру.

Бүгінгі күні Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қолданыста 17 заңнама бар.

Осы заңнаманың барлық нормаларын біріктіріп, Әлеуметтік кодексмен қамтылатын болады.

Кодекс адамның бүкіл өмірлік циклін қамтиды.

Атап айтқанда, туғаннан кәмелетке толғанға дейінгі әлеуметтік қолдау, еңбекке қабілетті адамдарды жұмыспен қамту, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сақтандыру іс-шаралары, өмірлік қиын жағдай туындаған кездегі әлеуметтік көмек, сондай-ақ жасы ұлғайған шақтағы қолдаулардың барлығы енді осы бір құжатпен реттеледі.

Әлеуметтік кодексте негізгі жаңалықтардың бірі, бұл-отбасының цифрлық картасы.

Отбасының цифрлық картасы дегеніміз – еліміздегі отбасылардың дербес дерекқоры.

Бұл дерекқор мемлекеттік органдардың қазіргі ақпараттық жүйелері негізінде қалыптастырылып жатыр.

Оны енгізудегі мақсат – халықтың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Сондықтан кодексте біріншіден, отбасылық цифрлық картаны мемлекеттік әлеуметтік саясаттың орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындау құралы ретінде белгіледік.

Яғни мемлекет кімге, қашан, қандай көмек қажеттігін

анықтап қана қоймай, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алады.

Екіншіден – карта отбасылар немесе отбасы мүшелерінің әлеуметтік мәртебесіне және әл-ауқат дәрежесіне қарап, мемлекеттік қолдаудың қандай түрін алуға құқылы екендігін жеткізіп отыратын электронды жаршы қызметін атқарады.

Мұндай ақпарат әр отбасына мемлекеттік орган тарапынан SMS-хабарлама түрінде жіберіліп отыр.

Үшіншіден, мемлекеттік қолдау проактивті форматта жүргізіледі.

Ол дегеніміз – азаматтарға әлеуметтік төлем мен көмек ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде тағайындалады.

Қолданыстағы қағаз құжаттар кезең-кезеңімен жүйеден шығарылады.

S M S - х а б а р л а м а н ы министрлік арқылы әр отбасы туралы цифрлық ақпаратты зерттей отырып, күнделікті жіберіп отырады.

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап республика бойынша 81 мыңнан аса азамат зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы бар екені туралы хабарлама алды

Бүгінде соның 53 мыңына мемлекеттік жәрдемақылар тағайындалып, төленіп отыр. (облыс бойынша 13,8 мың адамға хабарлама жіберілген, оның 1,4 мыңына төлемдер тағайындалған). Әрине, қателіктер кездесуі мүмкін.

Себебі кейбір ақпараттық жүйедегі ақпарат ескі болады немесе белгілі бір салада цифрландыру кеш басталғанына байланысты отбасы туралы ақпарат болмайды.

Мысалы, АХАЖ-ды цифрландыру 2008 жылы басталып, базаға осы уақыттан бастап туған балалардың деректері енгізілген.

Сондықтан азаматтар мұндай қателіктерді жергілікті

халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы растап, цифрлық картаға өзгеріс енгізуіне болады.

Қазір Цифрлық даму министрлігі осындай қателіктерді түзетуге мүмкіндік беретін сервистік қосымша даярлап жатыр.

Осы жұмыс аяқталған соң өзгерістерді ұялы телефон арқылы хабарласып, енгізуге болады.

Балалы отбасыларды қолдау шараларын күшейту туралы.

Балалы отбасыларды қолдаудың қолданыстағы жүйесі халықаралық стандарттарға сай келетінін атап өткен жөн. Нақтырақ айтсақ:

а) жүктілікке және босануға, сәбидің дүниеге келуіне, бала күтіміне байланысты төлемдер бар;

ә) көпбалалы отбасыларға, 6 және одан көп баланы босанған аналарға және мүгедек баласы бар отбасыларға берілетін жәрдемақылар қарастырылған;

б) тұрмысы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек беріледі.

Сондықтан Әлеуметтік кодексте балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы жүйесін сақтай отырып, оның негізгі параметрлерін өзгерту қарастырылды.

Бұл жаңа параметрлер отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың ауқымын кеңейтуді көздейді.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының тең жартысы 18 жасқа дейінгі балаларға беріле бастайды.

Бұл қадам балалар кәмелеттік жасқа толған кезде өмірге жолдама беретін бастапқы капитал іспетті қосымша қолдау болмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы және әлеуметтік төлемді төлеу кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұзартылды.

Аталмыш төлемді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап дүниеге келген және былтыр туған, бірақ жасы әлі 1,5 жасқа толмаған балалары бар 760 мың отбасының алуы жоспарлануда.

Бұл қызмет алушыларға проактивті форматта ұсынылады.

Бала күтімі бойынша жәрдемақы жұмыс істеймейтін аналарға республикалық бюджеттен, ал жұмыс істейтін аналарға Мемлекеттік сақтандыру қорынан төленуде.

Облыста 2023 жылдың 1 мамырында жәрдемақы алушылардың саны 19,6 мыңға жетті, оның ішінде 3,5 мыңы бюджеттен бала санына қарай 19,9 мың теңгеден 30,7 мың теңгеге дейін алуда.

Ал қалған 16,1 мыңнан астам аналар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан соңғы екі жылдағы орташа айлық табысының 40 пайызы көлемінде алуда. Әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері 48 мың теңгені құрады.

Әлеуметтік кодекске «Наградталған аналар» деген жаңа ұғым енгізілді.

Бұл мәртебе «Күміс алқа», «Алтын алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендері бар әйелдерге беріледі.

Сондай-ақ, наградталған аналарға төленетін жәрдемақы мөлшерін саралау көзделді. Бүгінде 6, 7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналар бірдей мөлшерде жәрдемақы алуда.



ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ТУРАЛЫ

«Алтын алқа» алқа, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен және «Батыр Ана» атағы бар, яғни 7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналар үшін жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК-ке дейін артты. Бұл жәрдемақы 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап төленетін болады.

Бұл өзгеріс наградталған 90 мыңға, ал облыс бойынша 16,8 мыңға жуық ананы қамтиды.

Зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға қатысты.

Қазіргі қолданыстағы жүйе зейнеткерлердің 3 буынын қамтиды.

Біріншісі – аға буын. Бұл санатқа 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан, толық еңбек өтілі бар зейнеткерлер кіреді.

Осы санаттағы адамдар базалық және еңбек зейнетақысын мемлекеттік бюджеттен алады.

Олардың басым көпшілігіне 120 мыңнан 160 мың теңгеге дейінгі аралықта зейнетақы төленеді.

Екіншісі – бүгінгі буын. Бұл – зейнет жасына 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін жеткен азаматтар.

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек өтілі болғандықтан, олар да еңбек және базалық зейнетақыларын мемлекеттік бюджеттен, ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан өз жинақтары есебінен жинақтаушы зейнетақы алады.

Алдағы уақытта зейнетақы жүйесінің негізгі проблемалары болып 1998 ж. 1 қаңтары бойынша жұмыс өтілінің азаюына байланысты мемлекеттен зейнетақыны алып отырған зейнеткерлердің ынтымақты зейнетақысының мөлшерінің азаюы және болашақ зейнеткерлердің жеткіліксіз жинақтары болмақ.

Сондықтан кодексте бүгінгі буын зейнеткерлері үшін алдағы 5 жыл-

да базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту қаралды.

Оның ең төменгі мөлшері күнкөріс деңгейінің 54%-нан 70%-ына дейін, ал жоғары мөлшері 120%-ға дейін арттырылады. Сондықтан

1) 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірінші және екінші буын зейнеткерлердің ең төменгі базалық зейнетақы мөлшері күнкөріс деңгейінің 54%- 60%- на дейін артты. Бұл шара 2028 жылға дейін жалғасып, базалық зейнетақының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге өсетін болады;

* зейнеткерлік жасына жеткен азаматтар үшін 1998 жылға дейін еңбек өтіліне сәйкес төленетін зейнетақының мөлшері 55 айлық есептік көрсеткішке тең келетін табыстың көлемінен (алдын 46 АЕК) есептеледі.

* нәтижесінде орташа зейнетақының мөлшері биыл 120 мың теңгеден асып, орташа еңбек ақының 50% (міндетті зейнетақы жарналарын төленген мөлшерінде есептелген) құрап отыр.

Бұл өзгерістер бүгінгі буын зейнеткерлері зейнетақы төлемдерінің негізгі бөлігін мемлекеттен алатынын және толық мемлекеттік қолдауда болатынын көрсетеді.

Үшіншісі – болашақ зейнеткерлер. Олар зейнетке 2038 жылдан кейін шығады. Бұл санаттағы азаматтар мемлекет тарапынан базалық зейнетақы және Бірыңғай жинақтаушы қорынан өздері жинақтаған қаржының есебінен зейнетақы алады.

Ал зейнетақысы өз жинақтары есебінен қалыптасатын болашақ зейнеткерлер үшін 2024 жылдың 1-қаңтарынан бастап жұмыс берушілер тарапынан қосымша зейнетақы жарналары енгізіледі.

Бұл жарна қолданыстағы заңда көзделген шартты жинақтаушы зейнетақы жүйесі үшін база

қалыптастырады.

Осылайша, бұл топтағы азаматтар да зейнет жасына жеткенде қазіргі зейнеткерлер сияқты зейнетақының 3 түрін (мемлекет есебінен – базалық зейнетақы, жұмыс берушілер есебінен – шартты-жинақтаушы зейнетақы, өз жинақтары есебінен – жинақтаушы зейнетақы) алады.

Аталған шаралар азаматтарды лайықты зейнетақымен қамтуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, кодекс жобасына өз активтерін басқару бойынша салымшылардың құқығын кеңейтуге қатысты өзгерістер енгізіледі.

Енді азаматтар белгіленген жеткіліктілік шегінен асқан зейнетақы жинақтарын тек емделуге және тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады.

Сондай-ақ, салымшыларға зейнетақы жинақтарының 50 пайыздан аспайтын бөлігін активтерді басқару компаниясына беру және мұндай компанияны өздері таңдау құқығы беріледі.

Бұл ретте, мемлекет зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдікті жинақтың Ұлттық банк басқаратын бөлігіне ғана беретінін атап өткен жөн.

Ал жеке басқаруға берілетін зейнетақы жинақтарының сақталуына және оның табыстылығына салымшы таңдап алған компания жауапты болады.

Сондықтан әрбір салымшы басқару жөніндегі жеке компанияны таңдаған кезде ықтимал тәуекелдерді мұқият ескеруге тиіс.

Қорыта айтқанда, Әділетті Қазақстанды құру үшін әділ әлеуметтік саясат жүргізуіміз керек.

Әлеуметтік кодекс осы саясатты табысты жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам болады.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

ӘЛЕМ БАЛАЛАРМЕН МЕЙІРІМДІ

Ауданда 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай іс-шара өткізілді. Сондай шаралардың бірін жеке кәсіпкер Сәкен Құлпыбайұлы ұйымдастырды. Ол ерекше балаларға арнап «Әлем балалармен мейірімді» атты қайырымдылық шарасын өткізіп, алғысқа бөленді.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов қатысып, балаларды мерекемен құттықтап, игі істің бастауына ұйтқы болған кәсіпкерге ризашылығын білдірді.

Шараға қатысқан бірқатар ата-аналар балаларының қуанышына себепкер болғаны үшін кәсіпкерге алғыстарын жеткізді.

Мерекеге орай балаларға арнап дастархан жайылып, тегін балмұздақ пен ойыншықтар таратылды.

Шараға Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округтерден 150-ге жуық бүлдіршін қатысты.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

● Хабарландыру

2023 жылдың 9 маусымы күні сағат 16:00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады.

1. «Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының құрылысына бөлінген қаржылардың игерілуі және құрылыс жұмыстары туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 қазандағы №12 қаулысының орындалуы туралы.

2. «Қазалы ауданы бойынша 2022 жылы ветеринариялық қызметті нығайту және дамыту бағытында атқарылған жұмыстар мен 2023 жылға арналған міндеттер» туралы.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.